

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі

### **I. Күн тәртібі**

1. Мектептің қыс мезгіліне дайындығы. Мектептің жылу жүйесі, электр тоғының қаншалықты сапалы дегендігі туралы.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу.
3. Ыстық тамақпен қамтылу
4. Оқулықпен қамтылу.

### **II. Тыңдалды**

#### **1. Мектеп директоры Г.М.Жумагазина.**

Биылғы 2023-2024 оқу жылында жылу жүйесі қыс мезгіліне толықтай дайын. Қосымша 4 оператор 1 киім ілуші жұмысқа алынды. Жылу жүйесі қосылып тұр. Біздегі мәселе тоқтың мәселесі. Жалпы мектептің ішіндегі жылу жүйесі жаңартылды. Бізге жылудың дұрыс берілуі үшін тоқ кедергі келтіріп тұр. Мектепте капиталный ремонт жүргізілген кезде 3 этажымыз жөндеуден өтпей қалды. 2022 жылы 3 этаж қабырғалары қырылып қайта сыланды. Мектеп алдына бручатка төселіп, мектеп жанына спорт алаңдары салынды.

#### **2. ДТІЖО Қ.Р.Тайшыбай**

2022-2023 оқу жылында да тәртібіміз тәрбиеміз жоғары деңгейде деп айтуға болады. Сол деңгеймен биылғы оқу жылында жақсы көрсеткішпен аяқтаймыз деп сенім білдіремін. Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жоспары құрылды. Сол жоспар аясында жұмыс жасап жатырмын. Тәрбие саласы білесіздер күрделі сала барлық аяқ басқан жердің барлығы тәрбиеге байланысты. Мектепшілік мұғалімдерден және жоғары класс ата-аналарымен келісім бойынша кезекшілік кестесі құрылып жұмыс жасауда, жалпы түнгілік полицияға ұсталып ішкі істер бөлімінде есепке тіркелген оқушы жоқ. Біздің мектебімізде осындай жұмыстың алдын-алу жұмыстары жүргізілуде. Дейтұрғанмен ауылымызда кәмелетке толмаған жасөспірімдердің автокөлік жүргізуі бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 18 қыркүйек күні мен учаскелік инспекторға хабарлама түсірген болатынмын. Тұрар Мәлікұлы мектеп оқушыларымен кездесу өткізіп мотоцикл, автокөліктерді рұқсатсыз айдамау жөнінде жұмыстар жүргізді. Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айында өткізілді. Сол жиналыстағы күн тәртібіндегі мәселенің бірі осы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің автокөлік және мотоциклді рұқсатсыз айдамауларын қатаң түрде ескертілді.

Енді мен класс жетекшілер туралы айтатын болсам қазіргі таңда мектебімізде 278 оқу бар. 15 класс комплекті бар. Класс жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізіп тұрады. Бізде жол ережесі туралы жүргізіліп жатыр. Сізгеде ұсыныс ретінде аудандық білім бөліміне де ұсыныс айтқан болатынбыз. Мектебіміздің алдына трасс салынды. Соның үстіне оқушылар өтетін жолақ және белгілер қойылса деген ұсыныс айтқан болатынбыз. Және де көшелерді жарықтандыру. Көшеде жарық жоқ, оқушылар қараңғыда тарайтындықтан арғы беттегі оқушыларға қиындау болып отыр. Аудандық білім бөлімінің әдіскері келгенде арғы бетпен мектептің ара қашықтығын көрсеткен болатынмын. Жазатайым оқиғалар болып қалмау үшін менің ұсыныстарым осы.



### 3. Әлеуметтік педагог Б.Дарбаева

Жалпы биылғы 2023-2024 оқу жылында ыстық тамаққа тартылған әр санаттағы 45 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Қыркүйектің 25-нен бастап 1-4 сынып оқушылары ыстық тамаққа түгел тартылады. Қазіргі таңда мектебімізде атаулы әлеуметтік көмек алатын 6- отбасынан 17 оқушы, аз қамтылған 8-отбасынан 31 оқушы, толық емес 11-отбасынан 14 оқушы, жартылай жетім 5-отбасынан 15 оқушы, көп балалы 63-отбасынан 171 оқушы. Мектеп асханасында 2 аусымда балдар тамақ ішеді. 1- аусымда 74 оқушы, 2- аусымда 71 оқушы ыстық тамақ ішеді. «Мектепке жол» республикалық акцияның қайырымдылық көмекке ауылымыздың кәсіпкері Кемалов Серік 3 оқушыға мектеп құралдарымен сумка алып берді, ауылымыздың азаматтары қаржылай көмек көрсетті. Ол қаражатты жартылай жетім отбасы баласы Анетов Саятқа берілді.


### Кітапханашы Ноғай Н

Кітапхана қорының сақталуы және жаңа буын оқулықтармен оқушылардың қамтылуы жайлы жұмыстар атқарылуда. 2022-2023 оқу жылы басында 1-11 сынып оқушылары 100% оқулықпен қамтылды. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған оқушылар оқулықпен 100% қамтылды. Мектеп кітапханасына сандық кітап қорында 11701 кітап бар. Оқулық саны 8208. Жаңа оқу жылында көркем әдебиетке 298 дана кітап қосылды барлығы 3493. Мұғалімдер мен оқушыларға арналған кірістелген әдістемелік оқулықтар жаңа болса жаңа электрондық оқулық кірістелді. Оқу әдістемелігі, электрондық оқулық, әдеби оқулық. Кітапханада жүйелі тізбектер, мұғалімдер үшін педагогикалық әдебиеттер, ғылыми-әдістемелік тізбесі жүргізілген. Жыл сайын мерзімді басылымға жазылу жүргізіледі.

Қамқоршылық кеңес төрағасы, кеңес мүшелерінің пікірін тыңдай келе, қамқоршылық кеңес ШЕШТІ:


1.2. Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын.

2.2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар төраға басшылығымен орындалсын.


Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Сүйеуов.З


Мүшелері:  Алпысбаева.Г


 Тақтанова.Г

 Гүманшинова.Г

 Кемалов.С

 Хисамиденова.Н

 Узақбаев.Т

 Сағидан.Н

 Шеріп.А